



«БЕКІТЕМІН»
«Облыстық фтизиопульмонология
орталының» директоры
Ә. Әбләзім

25.05.2023 жыл

«Қызылорда облыстық фтизиопульмонология орталығы»
шаруашылық жүргізу күкірткышындағы коммуналдық
мемлекеттік кәсіпорны мұдделерқақтығысынреттеу саясаты

2023ж.

МАЗМУНЫ

1. Жалпы ережелер	3
2. Терминдер менанықтамалар.....	4
3. Мұдделер қақтығысының қалыптасу себептері.....	5
4. Мұдделер қақтығысының алдыналу.....	7
5. Мұдделер қақтығысын реттеу	10
8. Жауапкершілік	13
9. Қорытынды ережелер.....	13

1. Жалпыережелер

1. «Қызылорда облыстық фтизиопульмонология орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны мүдделер қақтығысын реттеу саясаты (арықарай–Саясат) мүдделер қақтығысының алдын алу мен реттеу мақсатында, Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл» Занына, Ұйымның ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді.

2. Саясат мүдделер қақтығысын кәсіпорнының сотқа дейінгі реттеу рәсімімен тәртібін, сондай-ақ, осы үдерістер шенберінде лауазымды тұлғалармен қызметкерлердін, органдардың қызметін белгілейді.

3. Төменде көрсетілген сотқа дейінгі реттеу туралы ережелер құқығы бұзылған тұлғаларға сот органдарына жүгінуге кедергі жасамайды.

4. Осы Саясаттың мақсаты–кәсіпорнының пайdasын көздейтін объективті, әділетті әрі тәуелсіз шешім қабылдау үдерісі арқасында кәсіпорнының қабылдайтын шешімдердің тиімділігін арттыру.

5. Кәсіпорнының тұрақты дамуы олардың өзіндік тәжірибесін, мүдделер қақтығысының болмауын, сыбайлас жемқорлыққа тәзбеуін, адам құқығын құрметтеуді, ашықтықты, занылықты, мүдделі тараптардың мүдделерін құрметтеуді, есеп беруге міндеттілікті қамтитының кәсіпорын жақсылығынан негізделет.

6. Кәсіпорын өзінің Лауазымды тұлғалармен қызметкерлерінің кәсіпорында өздерінің кәсіби міндеттемелерін орындауда занды жеке мүдделерінің болуын біледі, алайда кәсіпорындағы мұндай жеке мүдделермен кәсіби міндеттемелердің арасындағы қандай да бір Мүдделер қақтығысы айқындалып, осы Саясатқа сәйкес реттелуі тиіс.

7. Мүдделер қақтығысымен байланысты бұзушылықтар Кәсіпорынның беделіне закым келтіруі мүмкін, сондай-ақ акционерлердің және басқада мүдделі тараптардың оларға деген сенімін түсіруі мүмкін. Лауазымды тұлғаның немесе қызметкердің жеке мүдделері олардың өздерінің лауазымдық, функционалды міндеттерін риясыз атқаруына ықпалетпеуі тиіс.

2. Терминдермен анықтамалар

8. Осы Саясатта мынадай анықтамалар мен терминдер колданылады:

- 1) **Лауазымды тұлға–кәсіпорынның Басдиректоры** және басқарушы қызметкерлері;
- 2) **Жалғызмұше–«Облыстық фтизиопульмонология орталығы» ШЖҚКМК;**
- 3) **Мүдделер қақтығысы** –кәсіпорынның Лауазымды тұлғасының және (немесе) қызметкерінің жеке мүдделелігі лауазымдық міндеттерін әділ атқаруға ықпал ететін немесе ықпал етуі мүмкін жағдай.
- 4) **Қақтығыс–корпоративті дау**, мүдделер қақтығысы
- 5) **Кәсіпорынның органдары–Жалғызмұше**, кәсіпорынның

Лауазымды тұлғалары.

- 6) **Қызметкер**—еңбеккелісім-шарты негізінде кәсіпорынмен еңбек қатынастарында тұратын жеке тұлға;
- 7) **Басқарушы қызметкерлер**—Бас директордың орынбасары, Басқарушы директорлар;
- 8) **Мүдделер қақтығысын реттеу**— кәсіпорынның органдарымен оның Жалғызмұшесі, не кәсіпорынның органдар мен оның қызметкерлері, кәсіпорын органдары мен Мүдделі тараптардың арасындағы дауларды сотқа дейін шешуге немесе олардың алдыналуға бағытталған үдеріс;
- 9) **Отбасымушесі**—кәсіпорын қызметкери немесе Лауазымдың тұлғамен тығыз туыстық қатынастағы (ата-анаы, ағасы, апайы, қызы, ұлы, жұбайы) жеке тұлға.
- 10) Осы Саясатта анықталмаған, бірақ колданылатын терминдермен анықтамалар Қазақстан Республикасының заннамасына, кәсіпорынның ішкі құжаттарына сәйкес ұғынылуы тиіс.

3. Мүдделер қақтығысының қалыптасу себептері

10. Мүдделер қақтығысы Кәсіпорын пен Лауазымды тұлғалар, Қызметкерлер арасында төмедегі әрекеттер нәтижесінде қалыптаса алады:

- 1) Қазақстан Республикасының заннамасының және Кәсіпорынның ішкі құжаттарының талаптарын орындамау;
- 2) іскерлікқарым-қатынас нормаларымен іскерлік этикақағидаттарын орындамау;
- 3) Кәсіпорынның Лауазымды тұлғаларымен Қызметкерлінде Мүдделі тұлғалар мен ортақ қаржылық мүдделердің болуы;
- 4) Кәсіпорынның Бас директорының өзге занды мекемелерде Қадағалау кенесінің рұқсатының басшы немесе лауазымды тұлға ретінде қызмет аткаруы;
- 5) Кәсіпорынның заразына қарай жекебасы мүддесі мақсатында Мүдделі тұлғаларға іскерлік мүмкіншіліктер жасау;

11. Мүдделер қақтығысы Органдар, Лауазымды тұлғалар, Қызметкерлер және Мүдделі тұлғалар арасында төмендегі әрекеттер нәтижесінде қалыптаса алады:

- Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» заннамасын, Кәсіпорынның ішкі құжаттарының талаптарын орындамау;
- Кәсіпорынның оның Лауазымды тұлғаларының және Қызметкерлерінің Кәсіпорын алдында Мүдделі тұлғалардың мүдде басымды қағидатын орындамау;
 - іскерлікқарым-қатынас нормаларымен іскерлік жәнек әсіби этикақағидаттарын орындамау;
 - Кәсіпорын тарапынанда, Мүдделі тұлғалар тарапынанда шарттық міндеттемелерді орындамау.

12. Осы Саясатта белгіленген мақсаттарға қолжеткізу үшін:

- 1) Кәсіпорынның Лауазымды тұлғасы, Қызметкері немесе оның отбасымушесі Кәсіпорынға қатысты қандайдабір шарттың, жобаның немесе мәміленің біртарабы болған жағдайда;
- 2) Лауазымды тұлғалардың/ Қызметкерлердің Кәсіпорынға қатыстықанда да бір шарттағы, жобадағы немесе мәміледегі (тікелей немесе жанама) коммерциялық немесе өзге қызығушылығы;
- 3) Кәсіпорынның Лауазымды тұлғасы немесе Қызметкері үшінші тараптармен қызмет көрсету, келісім-шартқұру, мәмілені немесе жобаны іске асыру жайында Кәсіпорынмен бәсекелестікке түскен жағдайда;
- 4) Кәсіпорынның Лауазымды тұлғасы немесе Қызметкері Кәсіпорын органдарының сәйкесінше рұқсатнамасын алмай, Кәсіпорын инвестициялайтын ұйымдардың (жобалық компаниялардың) Директорлар кеңесі/ Қадағалау кеңесі құрамына енүі немесе Кәсіпорын қызметімен катар, бірнеше ұйымдарда қызметтерді қатар атқарған жағдайда;
- 5) Кәсіпорынның Лауазымды тұлғасы немесе Қызметкері немесе оның отбасымушесі Кәсіпорын Лауазымды тұлғасы немесе Қызметкерінің өзінің кәсіби міндеттерін ақтарғаны немесе басқа қызметтері үшін сәйкесінше міндеттемелерді атқармайтын жеке тұлғалармен ұйымдардан акшалай, қызмет немесе өзге түрде сыйақылған жағдайда;
- 6) Кәсіпорынның Лауазымды тұлғасы, Қызметкері немесе оның отбасы мүшесі өзінің кәсіби міндеттерін ақтарғаны үшін олардан жұмысбабымен байланысты тұлғалардан, ізеттілік пен қонақжайлыштың жалпы нормаларына сәйкес немесе хаттамалық және өзгеде ресмишарапар барысында символикалық ілтиpat белгілері мен символикалық қәдесийларды санамағанда, қызмет түрін немесе ақша алған жағдайда;
- 7) Кәсіпорынның Лауазымды тұлғасы, Қызметкері немесе оның отбасымушесі Кәсіпорынның Мұдделі тұлғаларынан басқа Лауазымды тұлғаларға, Кәсіпорынның Қызметкерлеріне немесе олардың отбасы мүшелеріне қолжетімді емес, дербес женілдіктер мен да басқа да ерекше артықшылықтар қабылдаған жағдайда;
- 8) Кәсіпорынның Лауазымды тұлғасы немесе Қызметкері Кәсіпорынның ресурстарын, зияткерлік меншігімен құрал-жабдықтарын (корпоративтік поштамен компьютерлік бағдарламаларды қоса алғанда) жекепайдасы мақсатында қолданған жағдайда;
- 9) Кәсіпорынның Лауазымды тұлғасы немесе Қызметкері өзінің кәсіби міндеттемелерін атқару барысында білген құпия ақпаратты немесе мүддесіне қайши келетін ақпаратты жария еткен кезде, сол сияқты Кәсіпорынға қатысты Кәсіпорынның Лауазымды тұлғасы, Қызметкері немесе оның отбасы мүшесінің құпия ақпаратты жеке пайдасы мақсатында қолданған жағдайда;
- 10) Кәсіпорынның Лауазымды тұлғасы немесе Қызметкері өзінің қызмет атқаруы, қайта тағайындау (қайта сайлау), сыйакы төлеу немесе өзіне қатысты басқа сұраптарды талқылауға немесе шешім қабылдауға қатысқан жағдайда қақтығыс себептері болып табылады.

13. Саясаттың 10-нан 12-ға дейінгі тармақтарда сипатталған Қақтығыс себептері толық емес. Кәсіпорынның Лауазымды тұлғалары мен Қызметкерлері барлық жағдайда Саясаттың 3-бабында берілген Қақтығыс

анықтамасын басшылыққа алулары тиіс.

3.Мұдделер қактығысының алдын алу

15. Органдар, Лауазымды тұлғалар, Кәсіпорынның Қызметкерлерімен оның Жалғыз мүшесі арасында Қактығыстардың алдын алу мақсатында, Лауазымды тұлғалар, Кәсіпорынның Қызметкерлері мына шараларды орындаулары тиіс:

- Қазақстан Республикасының заңнамасына, Кәсіпорынның ішкі құжаттарымен Жарғызына сәйкес Жалғыз мүшениң құқыктарын бұзбау;
- Кәсіпорынпен Жалғыз мүшениң мұдделеріне қарай, Қактығыстарды айналып өтіп, кәсіби қызметтерді адаптациялы орындау;
- Кәсіпорынның Жалғыз мүшениң құқыктары туралы нақтыда дәйекті көзқарасын Жалғыз мүшеге уақытылы жеткізу;
- Жалғыз мүшеге Қактығысқа себеп болуы мүмкін ақпаратты толықмөлшерде жетізу;
- Бәсекелес заңды тұлғалардың акцияларды (улестерді) сатып алған кезде пайда көретін мәмілелерді анықтау, сонымен қатар, мұндай заңды тұлғалардың органдарға мүшеболу.
- Кәсіпорынның Лауазымды тұлғаларына/Қызметкерлеріне сыйакы төлеуде барабарлықты қатамасыз ету, Кәсіпорынның қаржылық жағдайына, сондай-ақ, Кәсіпорынның қызметтінің жоспарланған көрсеткіштерге қаншалықты сәйкес келетінін қатамасыз ету.

16. Қактығыстардың алдыналу мақсатында, Кәсіпорынның Лауазымды тұлғалары мен Қызметкерлері, сонымен бірге келесі шараларды орындаулары тиіс:

- 1) Қактығыстарды ерте анықтау және Кәсіпорынның Лауазымды тұлғалармен Қызметкерлерінің оларға тиісті назар аударуы;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасының, Жарғы мен Кәсіпорынның өзге ішкі құжаттарының талаптарын орындау;
- 3) Қактығысқа катысты өз жайғасымын ең қысқа уақытта анықтау, сәйкес шешім қабылдау және оны Жалғызмүшеге хабарлау;
- 4) Мұдделі тұлғалармен өзарақым-қатынастарды қоса алғанда, Қактығысқа әкеп соқтыратын немесе әкеп соғуы мүмкін жағдайларды болдырмау;
- 5) Арапарында, Кәсіпорын мен Жалғыз мүше арасында Қактығысқа әкеп соқтыратын немесе әкеп соғуға әлеуетті әрекеттерден бас тарту;
- 6) Кәсіпорынның құқықбұзушылық әрекеттерге катысу кауіпін жокка шығару;
- 7) Қызметатқаруында максималды тиімділікті қамтамасыз ету;
- 8) Кәсіпорынның үлестес тұлғалары, олардың үлестес тұлғаларымен Кәсіпорынның Жалғызмүшесі туралы ақпарат есебін қамтамасыз ету;
- 9) Қызметкерінің қактығысы бар мәселелерге шешімін қабылдаудан бастарту;
- 10) Кәсіпорын туралы негативті ақпараттың объективтілігімен шынайылығын БАҚ-нан және өзге дереккөздерден Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітілген мерзім ішінде

карастыру және мұндай ақпараттың пайда болуына уақытылы әрекеттегі.

17. Органдар, Лауазымды тұлғалар, Кәсіпорынның Қызметкерлері және Мұдделі тұлғалар арасында мұддерлер қақтығысын алдыналу мақсатында, Органдар, Кәсіпорынның Лауазымды тұлғаларымен Қызметкерлері мына шараларды орындаулары тиіс:

- 1) келісім-шарттар бойынша уақытылы есепайырысуды қамтамасыз ету;
- 2) Коммерциялық қупияны Кәсіпорынның ішкі құжаттарына сәйкес қатаң сақталуын қамтамассыз ету;
- 3) Мұдделі тұлғалардан тауар, қызмет, жұмыстар үшін келісім-шартта өзара келісілген негізде немесе қоғамға жарияланған ақпаратта белгіленген тариф бойынша төлеақы алу;
- 4) Мұдделі тұлғаларға білікті, сапалы және толық мөлшерде қызметкөрсету;
- 5) Сатып алынған тауар, қызмет, жұмыс үшін келісім-шартқа сәйкес уақытылы төлеу;
- 6) Кәсіпорынның қызметі барысында сатып алынған, қалыптасқан, жинақталған ақпаратты сақтау жүйесін Кәсіпорында қағаз нұсқасында, электронды немесе өзге тасымалдаушы құралдарында сақталған, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес коммерциялық, қызметтік немесе өзге қупияны құрайтын ақпараттың заңсыз сату, көшіру, көбейту, алмастыру, таратумен тираждау объектісі болуын алдын алу мақсатында жетілдіру.

18. Мұдделер қақтығысын алдыналу мақсатында, Кәсіпорын мен Лауазымды тұлғалар, Қызметкерлер арасында, олар өздерінің қызметтерін атқару барысында мына шараларды орындаулары тиіс:

- іскерлік қарым-қатынас нормалары мен іскерлік этика қағидаттарын орындау;
- жоғары тұрған Лауазымды тұлғаны/ жоғары тұрған Қызметкерді, Қадағалау кеңесінің Хатшысын қақтығыстардың қалыптасуына әкелі мүмкін әлеуетті немесе шынайы жағдайлар туралы уақытылы хабардар ету;
- жоғары тұрған Лауазымды тұлғаны/ жоғары тұрған Қызметкерді, Қадағалау кеңесінің Хатшысын Лауазымды тұлғаның немесе оның отбасының мүшелерінің салмақты қаржылық пайдасы бар және Серіктестік онымен

коммерциялық әрекет жасасатын не әрекет жасасуға үйірган Мұдделі тұлғалар туралы жазбаша түрде хабардар ету;

- Лауазымды тұлға/ Қызметкер немесе оның отбасы мүшелері қаржылық мұдделері бар немесе үлестес тұлға болатын Кәсіпорын мен Мұдделі тұлғалар арасындағы қарым-қатынасқа тікелей әсер ететін әрекеттен бастарту;
- Кәсіпорын органдарынан мұддерлері Кәсіпорынның мұдделеріне қайши келуі мүмкін өзге компанияда қатысу үшін алдынала рұқсатнама алу;
- жоғары тұрған Лауазымды тұлғага/ Қызметкерге, Қадағалау кеңесінің Хатшысына немесе Кәсіпорын органына өзінің өзге мекемеде қатар қызметету ойытуралы 1(бір) жұмыс күні ішінде хабарлау және ол жұмыстың

Кәсіпорынның мүддесіне қайшы келмейтінін раставтын ақпаратты ұсыну.

4.Корпоративтік даулармен мүдделер қақтығысын реттеу

19. Қақтығыстарды реттеу және алдыналу туралы жұмыстың нәтижелігін арттыру мақсатында, соныменқатар, оларды реттеуде Кәсіпорынның барлық органдарының әрекетін нақты үйлестіру үшін, Кәсіпорынның олардың уақытылы және толық анықтауға арналған механизмдерді жасап шығаруда.

20. Қақтығыстарды реттеу үшін, Органдар, Кәсіпорынның Лауазымды тұлғалары мен Қызметкерлері Кәсіпорынның мүдделеріне сәйкес келетін, заңдылықпен негізділік шарттарын қанағаттандыратын өзара қолайлы шешім табу мақсатында сотқа дейінгі рәсімдерді жүзеге асырады.

21. Кәсіпорынның Лауазымды тұлғаларымен Қызметкерлері Органдардың, Кәсіпорынның Лауазымды тұлғалары мен Қызметкерлеріне, құрылымдық бөлімшелеріне, Хатшыға, Қадағалау кенесіне түсетін Жалғыз мүшениң және Мүдделіт ұлғалардың хаттарының, өтініштерімен талаптарының (ауызша түрдегі хаттарды, өтініштер мен талаптарды қосаалғанда) есебін жүргізуіді камтамасыз ету керек,

22. Қақтығыстарды анықтау мен реттеу жұмысын бақылау, соныменқатар, қақтығыстарды реттеу бойынша координатордың қызметі Қадағалау кенесінің Хатшысына, ал ол жоқ кезде Зан департаментінің директорына жүктеледі.

23. Қақтығыс туралы ақпаратты Мүдделі тұлғадан немесе басқа дерек көздерден алған Кәсіпорынның Қызметкері, ол туралы жоғары тұрған Лауазымды тұлғага /Қызметкерге хабарлауы тиіс, және 5(бес)күнтізбе

күндері ішінде Қақтығыс туралы ақпаратты Қадағалау кеңесінің Хатшысына, ал ол жоқ кезде Зан департаментінің директорына ұсынуы тиіс.

24. Қадағалау кеңесінің Хатшысы, ал ол жоқ кезде Кәсіпорынның Зан департаментінің директоры Қақтығыс туралы ақпарат түскен кезде келесі жағдайларға көзжеткізу керек:

- Қақтығыстың Қазақстан Республикасының құзыретті ұлттық органдарына ұсынуды талап ететін белгілеріне ие болмауы;
- Қақтығысты осы Саясатта көзделген тәртіп бойынша қарастыруға болады және осындай тәртіппен қабылданған шешім Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейді;
- Қақтығысты қарастыру және оның шешімі басқа адамдардың құқықтарымен занды мүдделерін бұзбайды.

25. Қадағалау кеңесінің Хатшысы, ал ол жоқ кезде Кәсіпорынның Зан департаментінің директоры Қазақстан Республикасының заңнамасына және Кәсіпорынның ішкі құжаттарына сәйкес қарастырылған құзыреттілігі негізде Қақтығысты шешу үшін өкілетті тұлғаны келесі тұлғалар арасынан бекітеді, бірақ олар меншектелмейді:

- 1) Қадағалаушы кеңес;
- 2) Қадағалаушы кеңестің төрагасы;
- 3) Басдиректор;
- 4) Басқарушы қызметкерлер;
- 5) Қақтығыстарды реттеуге арналған арнайы құрылған жұмыс топтары;
- 6) тәуелсіз кеңесшілер.

26. Егер Қақтығысты арнайы құрылған жұмыстобы реттеу керек болса, Қадағалау кеңесінің Хатшысы, ал ол жоқ кезде Кәсіпорынның Зан департаментінің директоры қақтығыс туралы шағымның түскен күнінен бастап 10(он) жұмыс күні ішінде осы топтың құрылуымен Қақтығыс тараптарының қатсуымен бірге жиналысын қамтамасыз етеді.

Егер Қақтығысты реттеу үшін тәуелсіз кеңесшілерді шақыру қажет болса, мұндай кеңесшілерді шақыру мерзімі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, сонымен қатар Кәсіпорынның өзгеде ішкі құжаттарына сәйәкес тәртіппен бекітіледі.

27. Қадағалау кеңесінің Хатшысы, ал ол жоқ кезде Кәсіпорынның Зан департаментінің директоры Қақтығысты тиісті тұлғалардың қарастыруы үшін құжаттар пакетін дайындайды, ол міндетті түрде Қақтығыстарды тіркеу журналында тіркеледі және оған келесі ақпарат жазылады, бірақ онымен шектелмейді:

- 1) Қадағалау кеңесінің Хатшысының, ал ол жоқ кезде Кәсіпорынның Зан департаментінің директорының Қақтығыспені, тараптары, себебі туралы және қақтығысты шешудің ұсынылған нұсқалары туралы ақпаратты сипаттайтын талдама хаты;
 - 2) Кәсіпорынның органдарының шешім жобасы;
 - 3) Қақтығысты реттеу туралы келісім шарттың жобасы;
 - 4) Қақтығысты реттеуге қажетті өзге материалдары.
28. Қадағалау кеңесінің Хатшысы, ал ол жоқ кезде Кәсіпорынның Зан

департаментінің директоры Кәсіпорынның Органдарына және Лауазымды тұлғаларға/ Қызметкерлерге Қақтығыстарды реттеуде көмек көрсетеді, сонымен қатар, қызметтік тергеу, сәйкесінше шешім жобаларын дайындау жұмыстарына қатысады.

29. Қадағалау кеңесінің Хатшысы, ал ол жоқ кезде Кәсіпорынның Зан департаментінің директоры, Кәсіпорынның Лауазымды тұлғалары/ Қызметкерлері, Кәсіпорынга қатысты Қақтығыстың кезкелген түрін реттеу үшін келесі әрекеттерді орындауға міндетті:

1) Қалыптасқан қақтығыстарды барынша айқындау, олардың себептерін анықтау;

2) Корпоративтік даулар қалыптасқан кезде, оларды Жалғыз мүшениң құқытарын да, Кәсіпорынның іскерлік беделін де нәтижелі қорғау мақсатында келіссөздер арқылы шешуге тырысу;

3) Егер олардың Кәсіпорындағы құзыреттілігіне байланысты Қақтығысты шешуге қатысулары қажет болса, Қақтығыстың олардың мүдделеріне зиян келтіретінін немесе зиян келтіру ықтималдылығын шүғыл түрде, хабаралған кезде ұсыну;

4) Кәсіпорын органдарының құзыреттілігі мен жауапкершілігін бөле алу;

5) Кәсіпорын Қақтығысқа қатысты жайғасымынен қысқа уақытта анықтау, сәйкес шешім қабылдау және ол туралы Қақтығыстың екінші тарабына хабарлау;

6) Қақтығыстың екінші тарабына Қақтығы туралы Кәсіпорынның жайғасымын нақты сипаттайтын толық әрі тыңғылықты жауап қайтару;

7) Қақтығысқа қатысушы тұлғалардың Қақтығыстың олардың немесе олардың отбасы мүшелерінің мүдделеріне ықпал ететінін немесе ықпал ету ықтималдылығын шүғыл түрде хабарлауын қамтамасыз ету;

8) Қақтығысқа қатысушы тұлғалардың мүдделеріне ықпал ететінін немесе ықпал етуі ықтимал тұлғалардың сол Қақтығыстың шешімін шығаруда қатыспаудың қамтамасыз ету;

5.Жауапкершілік

30. Мүдделер қақтығысын алдын алу мен реттеуде Кәсіпорынның және(немесе)оның Жалғызмүшесіне зиян келтіретін осы Саясаттың нормаларын, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарын бұзу жағдайлары орыналса, мұндай бұзушылыққа кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

31. Кәсіпорынның Лауазымды тұлғаларымен Қызметкерлері, сондай-ақ олардың отбасы мүшелері осы Саясаттың талаптарын дұрыс орындауда жауапты болып табылады.

6.Корытынды ережелер

32. Қалыптасқан Қақтығыстар Қақтығысты анықтаған күннен бастап 15(онбес) жұмыс күні ішінде қарастырылу және олар бойынша шешім қабылдану тиіс. Қақтығыстар спецификалық киын болған жағдайда, немесе тәуелсіз кеңесшілерді шақыру қажет болған кезде, Қазақстан Республикасының заңнамасына және Кәсіпорынның ішкі құжаттарына сәйкес Қақтығысты қарастырумен ол бойынша шешім қабылдау мерзімін

ұзартуга созуға болады.

33. Қадағалау кенесінің Хатшысы, ал ол жоқ кезде Кәсіпорынның Заң департаментінің директоры оған Қақтығыс туралы түскен ақпаратты тіркейді, Қақтығыс туралы түскен ақпараттың бірыңгай базасын қалыптастырады, соныменқатар, бұл ақпараттың мұрагатта белгіленген тәртіп бойынша сақталуын қамтамасыз етеді.

34. Қадағалау кенесінің Хатшысы, ал ол жоқ кезде Кәсіпорынның Заң департаментінің директоры талдау жасап, Органдарға, Кәсіпорынның Лауазымды тұлғаларымен Қызметкерлеріне есептермен ұсыныстар жібереді.

35. Корпоративтік дауларды және мұдделер қақтығысын келіссөз арқылы шешу мүмкін болмаған жағдайда, олар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.